

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYŇ BILIM JÁNE ҒYLYM MINISTRLOGI
Ó. SULTANҒAZIN ATYNDAGY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqylary» I-shi Halyqaralyq
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyŋ
MATERIALDARY**

17-18 мамыр 2019

**МАТЕРИАЛЫ
I-ой Международной научно-практической
конференции «Султангазинские чтения»**

17-18 мая 2019

**MATERIALS
of the Ist International scientific and practical
conference «Sultangazin readings»**

May 17-18, 2019

Qostanai, 2019

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58
С 89

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

Әбіл Еркін Аманжолұлы
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасарлары:

Медетов Нурлан Амирович
физика-математика ғылымдарының докторы
Ташетов Аманжол Аскарович
PhD докторы

Редакциялық алқа мүшелері:

Утегенова Бибикуль Мазановна
педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент
Евдокимова Ольга Николаевна
педагогикалық ғылымдар кандидаты
Балгабаева Гаухар Зкрияновна
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
Жумабаев Канат Аканович
кандидат экономических наук
Бобренко Марина Александровна
Сатбаева Муснай Тулегеновна
Жиенбаева Аида Аманжолқызы

С 89 «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

ISBN 978-601-7934-72-9

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Мәңгілік ел»

ӘОЖ 378 (094)
КБЖ 74.58

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты

ISBN 978-601-7934-72-9

© Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

3. Комплексонометрияда қышқылдық және сілтілік ортада қандай иондарды анықтайды? Мысалдар келтіріңіз.

4. $pH < 9$ кезінде ЭДТА-мен барий иондарын титрлеу кезінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін? Жанама реакция теңдеулерін келтіріңіз.

5. Комплексонометрияда қандай индикаторлар қолданылады? Неге олар металл хромды индикаторлар деп аталады? Олардың реакцияға қатынасу принципін түсіндіріңіз.

6. Сульфат-иондарын тұндырғаннан кейін қалған барий хлоридінің (0,01 М) мөлшерін $pH=8$ кезінде 0,01 М ЭДТА ерітіндісімен титрлеуге болады ма? ($\lg \beta_{BaY} = 7,8$; H_4Y -ның қышқылдық константалары: $K_1 = 1 \cdot 10^{-2}$; $K_2 = 2,2 \cdot 10^{-3}$; $K_3 = 6,9 \cdot 10^{-4}$; $K_4 = 5,5 \cdot 10^{-11}$)

Ұсынылған әдістемеді комплексонометрияның қосымша сұрақтарға жауап беруге арналған теориялық негіздері, есептің шығару жолдары, сонымен қатар қажетті реактивтер толық берілген.

Бұл әдістеме кез келген эксперименттік турда жақсы жетістіктерге жету үшін, берілген тақырыптың теориялық негіздерін жетік меңгеру, есептеу жолдарын білу керектігін көрсететін айқын жол болатынына сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Крешков А.П. Основы аналитической химии. Теоритические основы. Количественный анализ, книга вторая, изд. 4-е, перераб. – М., «Химия», 1976.

2. Васильев В.П., Морозова Р.П., Кочергина Л.А. Аналитическая химия. Лабораторный практикум: учебное пособие для вузов. – 3-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2006. – 414 с.

3. Пилипенко А.Т., Пятницкий И.В., Аналитическая химия: В двух книгах: кн. 1 – М.: Химия, 1990. – 480 с.

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – СТУДЕНТТЕРДІ ІСКЕРЛІК ЖЕТІСТІГІНЕ ЖЕТКІЗЕТІН ҚҰРАЛ

Dual training system – a tool for achieving the professional skills of students

Г.С. Журсиналина
G.S. Zhursinalina

«Қостанай политехникалық жоғары колледжі» КМҚК, Қостанай, ҚР, gulsumj@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада білім алушылардың білім сапасын арттыратын теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы қарастырылды. Дуалды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі – техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Abstract

This article discusses the technology of combining theory with the production that enhances students' knowledge quality. Practical evidence of the effectiveness and effectiveness of the dual education system in training professionals. Here, the pupils study at two-thirds of their time without having to work all the time, but only for the third part of their time devoted to theoretical training and knowledge management. At present, the dual system of education in the world is one of the most effective ways to train technical and vocational professionals.

Кілт сөздер: дуалды оқыту жүйесі, тиімділік, сапа, дағды.

Key words: dual education system, effectiveness, quality, skills.

Қазіргі заманда кәсіби білікті, еңбек нарығында бәсекелес бола алатын, еліміздің дамуы мен өркендеуіне үлес қоса алатын студенттер тәрбиелеу болып табылады.

Білімді жастар – мемлекеттің болашағы. Білім бар жерде алынбайтын қамал жоқ. Білім, тәрбие және еңбек өте тығыз байланысты. Еліміздегі заманауи білім беру жүйесі – білім алушыларға сапалы білім беріп, білікті маман даярлаудың бірден бірі жолы – дуалды оқыту жүйесін қолдану.

Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында – «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» деп айтып кетті. Бұл мақсат қазақ елінің азаматтарына үлкен жауапкершілік арттырады. Сонымен қатар дәстүрлі Жолдауында білім саласына айрықша басымдық берді. Оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуда дуалды оқыту технологияларын енгізуді, осыған орай Үкіметке тиісті қабылдауды тапсырды. Дуалды жүйе – маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі.

Еліміздің еңбек нарығында жоғары білікті техникалық мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың себебі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады.

Қалыптасқан жағдайда теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге көрсетуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, жұмыс өтілінен өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, тәжірибелік сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесім мен біріктірілетін білікті мамандарды даярлау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Теориялық біліммен қатар тәжірибелік дайындыққа ие болатын білікті мамандар даярлау мәселесін шешуге бағдарланған және бизнес-құрылымдармен, сондай-ақ білім беру мекемелерімен сұранысқа ие болатын дуалды білім беру жүйесін енгізу мәселенің негізін қалаушы принциптерін жан жақты талқылау мен қоғам алдына қойылған мәселенің тәртіппен шешілуін қажет етеді.

Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандардың кәсіби дайындығын жоғарылатуға ықпал етеді. Еңбек өнімділігі артады, халықтың көшіп-қонуы азаяды, әлеуметтік шиеленіске жол берілмейді.

Дуалды білім беру туралы түсінік сәл басқаша және оның оқу үрдісінде жүзеге асырылуы колледждерде қалыптасты. Экономиканың өндірістік секторлары үшін біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмыс мамандары аса қажеттілік тудыратын болғандықтан да колледждер базасында дуалды білім беру жүйесін енгізу қарастырылады. Алайда, атап кеткен келелі мәселелерді шешусіз дуалды білім беру жүйесін іске асыру теріс нәтижеге душар ететіндігі айқын.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибеде оқытудың дуалды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының біріне айналып отырған жүйе болып табылады.

Дуалды оқыту үшін жақсы мысал ретінде Германия мемлекетін аламыз. Бұл жүйе негізгі бастауын осы елден алған болатын. Германияның кәсіптік білім беру жүйесі жұмыс күші сапасының мониторингі халықаралық институты (Швейцария) бағасымен кадрлар біліктілігінің деңгейі бойынша алдыңғы қатарлы ел. Ал ондағы дуальді оқыту жүйесі Еуропалық Одақ үшін үлгі болып табылады.

Дуалды оқыту – қазіргі қалыптасқан жағдайда мамандар даярлаудың ең тиімді тәсілі. Тиімділігі алынған теориялық білім оқу шеберханаларында өтетін тәжірибелік жұмыстармен

және де өндірістік оқыту кезінде бекітілетіндігінен көрінеді. Бүгінгі оқу аудиториясында айтылған сөз ертеңгі күні кәсіпорында қолданылады. Білім берудің дуалды жүйесі дегенде белгілі бір кәсіп бойынша жастарға білім беру оқу орны мен кәсіпорын арқылы балашақ маман күзіреттілігін қалыптастыру жүйесі болып түсіндіріледі, яғни екі мекеме білім беруге қатысады.

Бұл үшін студенттің оқу орны мен мамандығына сай кәсіпорын арасында байланыс орнатылуы ләзім.

Ең алдымен, лицейлер мен колледждердің материалдық-техникалық базасы жаңартылуы қажет.

Ал екінші бағыты – әлеуметтік әріптестікті дамытуды көздейді.

Үшінші өзекті мәселе, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін оқыту жүйесіне инновациялық технологиялар енгізіледі.

Бір жақтан бұл кәсіптік мектеп, ал басқа жақтан – оқытатын кәсіпорын. Екі мекеме де бір-біріне қатысты тәуелсіз әріптестер болып табылады.

Қазақстанға дуалды оқытуды енгізу қажеттігі – дәлелденген дүние.

1. Ендігі кезеңде білім беру жүйесінің Қазақстандық моделін құрып бекіту қажет.

Себебі әр елдің жылдар бойы қалыптасқан өз білім беру тәжірибесі бар. Әр елдің оқыту базасы, менталитеті әр түрлі болып келеді.

Сондықтан басқа мемлекет тәжірибесін түбегейлі көшіріп алуға болмайды.

2. Жалпы бұл жүйеге көшу туралы пікір-ұсыныс айтылғанмен 4-5 жылдың көлемінде дуалды оқыту жүйесін оқу орындарына енгізуге арналған ғылыми-әдістемелік негізін құру қажеттігі өткір тұр.

3. Оқу орны мен кәсіпорын ұжымдары осы оқыту жүйесінің шеңберіндегі өздерінің міндеттері мен құқықтарын анықтайтын келісім-шарттар жасалуда, кәсіпорын жұмыс ауқымын ұққанмен оқыту процесін ұйымдастыру негіздерін толық біле бермейді, арнайы үйрететін кәсіби білікті мамандар жеткіліксіз, кәсіпорынның жоспарын орындау үшін маманды үйретіп отыру уақыт талап етеді.

Бұл жүйені енгізбес бұрын ең алдымен осы мәселені біржақты қылу қажет.

Бүгінде кәсіптік-техникалық білім ошақтарында тәлім алған жастардың басым бөлігі алған мамандықтары бойынша жұмысқа тұра алмай жатады.

Сондықтан кәсіптік-техникалық білім беру ошақтарын заман талабына сай жетілдіріп, заманауи басқару жүйесін енгізудің маңызы зор. Бұдан басқа оқу бітірген жастарды жұмысқа тұрғызу мәселесін де кезек күттірмей шешуді талап етуде.

Кәсіптік-техникалық білім беру саласын жаңғырту аясында студенттер теориядан басқа, жұмыс беруші болып табылатын кәсіпорындарға барып, өз кәсіптерін жетік меңгеруге машықтануда.

Дуалдық жүйе шеңберінде кәсіби білім негізінен оқу мекемесінде емес, кәсіпорындарда жүргізіледі. Оқу уақытының 70-80 пайызы өндірісте өтеді. Оқыту мерзімі 2-ден 3,5 жылды құрап, оқу бойынша негізгі шығынды кәсіпорын көтереді.

Еліміздегі кәсіби-техникалық және жоғары білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек.

Өйткені, экономиканың қарқынды дамуымен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс та күн санап артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдық берілетін дуалдық жүйені енгізу халықты жұмыспен қамту проблемасын шешудің бірден-бір тиімді жолы екендігі анық.

Оқу үдерісі келесідей түрде ұйымдастырылады:

ЖОО-дағы, колледждегі немесе басқа да кәсіби білім беру орындарындағы әдеттегі сабақтармен (жалпы білімге дайындық) қатар, іс-тәжірибені меңгеру (кәсіби дайындық) үшін, білім алушылар нақтылы кәсіпорынға немесе фирмаға жұмысқа барады.

Техникалық және кәсіби профильдегі қызметкерлерді даярлаудың және қайта даярлаудың осындай түрі тікелей жұмыс орындарында теориялық курс пен кәсіби дайындықтан өтуді икемді бірлестіруге және білім алушыларға жоғары біліктіліктер (санат) беруді, қызметтік міндеттерін кеңейтуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дуалды жүйе білім алушылардың кәсіби білім алуына кәсіпорындардың тікелей қатысуын қарастырады. Кәсіпорын іс-тәжірибелік білім беруге жағдай жасап, сонымен байланысты білім алушыларға ай сайынғы мүмкін төлемдер қоса есептелген барлық шығындарды мойнына алады. Оқу орны соның базасын егізінде өндірістік немесе іс-тәжірибелік оқыту іске асырылатын кәсіпорынмен тең құқылы негізде қызмет етеді.

Егер студент дуалды оқыту жүйесі бойынша мамандар даярлайтын мамандық түрін таңдаған болса ең алдымен үшжақты келісімге қол қойылады. Бұл келісім-шарт жақтары студенттің колледжде дуальді оқыту жүйесі бойынша кәсіптік теориялық және өндірістік оқуын жүзеге асыру үшін келісім-шартқа отырады.

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, осы нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа заманауи технологияларды меңгертіп, жұмысшы мамандарды даярлау.

Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін – өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді. Қазіргі кезеңде әлемде оқытудың дуальды жүйесі – кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол – кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді.

Бүгінгі күні колледжіміз дуалды оқыту туралы 11 келісім-шарттар жасады. «Баян Сулу» АҚ, «Агромашхолдинг» ЖШС, «Агротехмаш» ЖШС сияқты үлкен кәсіпорындарында студенттердің тәжірибелік білім алуы ұйымдастырылған, мұнда оқу дәрісханалары ашылып сонымен қатар жұмыс орындарымен қамтылып еңбек ақысы төленеді.

Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дыматы алады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Қазақстан Қостанай политехникалық жоғары колледжінің «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі», «Электроқамтылу» және «Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі» мамандықтары дуальды оқытудың жобасы бойынша білім алуды. Нәтижесінде, маман дайындаудың дуалды жүйесі дәстүрлі оқыту әдістеріндегі кемшіліктерді, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жояды, студент өзінің ертеңгі жұмыс орнымен танысады, оған ие болу мүмкіндігін сезінеді, сондай-ақ, ол бәсекеге қабілетті болса ғана кәсіби маман ретінде бағаланып лайықты табысқа қол жеткізе алатындығын түсінеді.

Дуалды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

Екіншіден, жақсы, білімді, болашақ жұмысшымаман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді. Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципмен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

Бесіншіден, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

Алтыншы, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы күнделікті көріп, игереді.

Оқытудың тиімді жобасы дуальды оқыту жүйесі кәсіптік техникалық колледждерде жұмысшы кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдары. Теориялық біліммен қатар өндірістік практика кезінде білікті мамандар дайындау мәселесін шешуше бағдарланған құрылымдармен, сондай-ақ кәсіптік техникалық колледждерде сұранысқа ие болатын білім беру жүйесін енгіз жан-жақты талқылануы қажет. Мұндағы оқу процесінің ерекшелігі, 40% теория мен 60% өндірістік практика болса, онда білімгерлер өндірісте көп уақытын тиімді пайдаланып, мамандықты жан-жақты меңгеруге жағдайы болады. Осының нәтижесінде білімгерлердің жұмысқа жауапкершілікпен қарап, қызығушылығы мен өзіне деген сенімділігі артады. Қазіргі кезеңде кәсіптік техникалық колледждер заманымызға сай жаңару үстінде. Мұның барлығы кәсіптік білім беруде оқытудың заманауи бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін жаңғырту игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Дуалды оқытудың артықшылығы ең алдымен жас мамандардың жұмысқа орналасуының жоғарғы пайызын көрсетеді. Өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді. Дуалды білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағыттталып, білімгердің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуникативтілігін, жұмысқа бейімділігін, рухани-адамгершілік мәдениетін және болашақ мамандардың сауаттылығын қалыптастырады. Дуалды білім беру жүйесі оқу үрдісінде кәсіптік техникалық колледждер базасында қалыптасып, жұмысшы мамандарды өндіріске бейімдеу қажет.

Біздің еліміздің дәл қазіргі жағдайында әрбір отбасы, әрбір мектеп бігіруші жұмысшы немесе кәсіптік маман иесі болу бүгінгі күні дұрыс шешім болатындығын түсінуі қажет. Бұл орайда кәсіптік бағдар беру мен дуалды жүйеде оқыту өз мәнінде жұмыс істеуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2011.
2. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2010-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2010 года №1118.
4. Агранович М.Л. Экономические и социальные эффекты образования. Опыт статистического анализа. – М.: Просвещение, 2001. – 256 с.
5. Кәсіптік білімнің дамуы – мемлекет қамқорлығының нәтижесі // Қазақ тарихы. – 2007. – №4. – Б. 123-125.
6. Омарбекова Ж. Білім берудің жаңа жүйесі // Орталық Қазақстан. – 2012. – №6.
7. Маханбетова А. Дуалды жүйе – кәсіптік маман тапшылығын жояды // Егемен Қазақстан. – 2013. – 8 қараша.
8. Чешев В.В., Особенности развития технических наук. – М.: Просвещение, 1981 – С. 90.
- 9 Сборник материалов по проекту «Внедрение дуальной системы обучения», (Часть 1). – Астана, 2013.
10. Стратегический план Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2011-2015 годы [Электронный ресурс]. Режим доступа: zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html.
11. Магазов Е.Д. Эффективность внедрения дуальной системы обучения в ТипО // Қазақстан кәсіпкері. – 2013. – №6.
12. Витвицкая О.Г. Внедрение дуальной системы обучения в колледже // Қазақстан кәсіпкері. – №6. – 2013.
13. Думченко Н.И. Подготовка квалифицированных рабочих широкого профиля. – М.: Высшая школа, 1984. – 63 с.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.А. Әбілдің құттықтау сөзі.....	3
Приветственное слово ректора Костанайского государственного педагогического университета имени У. Султангазина, доктора исторических наук, профессора Е.А. Әбіл.....	5
Greeting speech of the Rector of Kostanay state pedagogical university named after O Sultangazin, doctor of historical sciences, professor E.A. Abil.....	6

1 СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ CURRENT ISSUES OF THE EDUCATION SYSTEM DEVELOPMENT

<i>Абдулина Г.Б.</i> Развитие учебной самостоятельности будущих техников-программистов на основе интерактивных средств изучения дисциплин профессионального цикла.....	8
<i>Абдыкаликова К.А., Қанезова А.М., Жунаева М.Н.</i> Органикалық заттардың құрылысын анықтауда физика-химиялық әдістерді қолдануға негізделген есептер.....	10
<i>Айгужина Г.З., Омаров А.Р., Темирғалиева С.Е.</i> Роль адаптивной физической культуры в социализации инвалидов и лиц, с отклонениями в состоянии здоровья.....	13
<i>Айтбенова А.А.</i> ICT сабағында CLIL әдісін қолданып тілдік күзiреттiлiктi қалыптастыру.....	16
<i>Алипбаева Г.А., Кабиева А.Н.</i> Психикалық дамуы тежелген кiшi мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған орта сабақтарында оқуға деген ынталарын қалыптастыру бойынша түзету жұмысы.....	20
<i>Ахметбекова З.Д.</i> Влияние интернета на развитие толерантности у студенческой молодежи.....	24
<i>Ахметова Э.Б., Баймаганбетова К.Т.</i> География сабақтарында проблемалық оқыту әдістерін қолдану.....	27
<i>Балаканова А.Е.</i> Технология CLIL в преподавании общеобразовательных дисциплин.....	31
<i>Балжанова А.М.</i> Языковое образование в контексте современных образовательных тенденций в Казахстане.....	33
<i>Бекетова А.С., Гринь Л.В.</i> Современные инновации в системе образования.....	37
<i>Бектурганова Р.Ч., Кетебаева К.К.</i> Из опыта работы Костанайского колледжа Зерек по подготовке будущих учителей к исследовательской деятельности на основе информационно-коммуникационных технологий.....	40
<i>Бикенова Г.С., Садақбаева А.А.</i> Төменгі сынып оқушыларын шетел тілінде сөйлеуге үйретуде компьютерлік ойынның тиімділігі.....	44
<i>Брагин Е.А.</i> Изучение миграционных маршрутов и мест зимовок хищных птиц Костанайской области.....	46
<i>Волкова Н.А.</i> Формирование художественно-эстетической компетенции студентов-дизайнеров посредством декоративно-прикладного искусства.....	51
<i>Ерсултанова З.С.</i> Жоғары білім беруде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың ролі.....	54
<i>Жандауова Ш.Е., Байтасова А.В.</i> Развитие логического мышления на уроках математики как основа повышения качества образовательного процесса.....	57

<i>Жұмағалиева Б.М., Срайыл Г.І.</i> Комплексометрияның сульфат анионын анықтауда қолданылуы	60
<i>Журсиналина Г.С.</i> Дуалды оқыту жүйесі – студенттерді іскерлік жетістігіне жеткізетін құрал.....	64
<i>Казакова О.В.</i> Развитие коммуникативной компетентности студентов в контексте психологического благополучия личности	69
<i>Каппасова Ш.Е.</i> Мұғалімнің рефлексивті тәжірибесі – оқыту үрдісін жақсартудың негізі	72
<i>Карасартова Ш.К., Алькенова Б.К.</i> Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы оқу сауаттылығына дайындаудың жолдары	78
<i>Ковальчук Н.В.</i> Воспитание патриотизма через научно-исследовательский подход в обучении истории	81
<i>Ковш Н.А.</i> Реализация компетентностного подхода в процессе формирования будущего учителя физической культуры в условиях профессиональной практики	83
<i>Кравченко Т.Н.</i> Праздники как форма духовного обогащения учащихся.....	87
<i>Курбаева Г.А.</i> Девиантты мінез-құлықты жеткіншектермен қарым-қатынас тренингтері.....	92
<i>Лопарева Ю.В., Бактығалиева А.К., Усенова Г.Р.</i> Актуальные проблемы в работе с музыкально-одаренными студентами и эффективные методы их обучения.....	95
<i>Мурзағалиева А.А., Валяева Е.А.</i> К вопросу изучения биоразнообразия териофауны севера Костанайской области	99
<i>Нурмагамбетова Г.Т.</i> Оқыту технологияларының маңызы	101
<i>Нурова А.К., Оспанова Ш.Б.</i> Математика сабағында жеңіл ақыл-ойы кемістігі бар балалардың геометриялық түсініктерін қалыптастыру ерекшеліктері	105
<i>Нурова А.К., Қуанышбаева И.Б.</i> Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың оқуды оқыту сабағында монологтік сөйлеуін дамыту.....	109
<i>Муртазина А.М.</i> Реализация полиязычия в подготовке будущих воспитателей детского сада	113
<i>Садақбаева А.А. Бикенова Г.С.</i> Развитие мыслительной деятельности учащихся в рамках обновленного содержания образования	114
<i>Сайболова А.А.</i> Эффективность нравственного воспитания посредством уроков русского языка и литературы.....	118
<i>Саулембекова Р.М., Кабдушева А.Ж.</i> Формирование творческого потенциала личности через использование проблемно-поисковых заданий творческого характера.....	122
<i>Севостьянова С.С., Бродельщикова Л.Е.</i> Психолого-педагогическая коррекция эмоциональных нарушений у детей с задержкой психического развития.....	127
<i>Сулейменова Г.М.</i> Интертекстуальные связи в жанре литературной сказки	131
<i>Султанбекова А.Ж.</i> Интерактивті әдістің түрлері мен оларды сабақтарда пайдаланудың мүмкіндіктері.....	136
<i>Таурбаева Г.У.</i> Химиядан есептер шығару әдістемесінің кейбір аспектілері.....	139
<i>Ташпеков Г.А.</i> Вузовское дополнительное образование в Саратовской области.....	143
<i>Ташпекова А.Т.</i> К вопросу о научно-исследовательской деятельности курсантов и степени вовлеченности в ней научного руководителя.....	145
<i>Тулегенова М.А.</i> Русская периодическая печать конца XIX-начала XX века об организации перевозки крестьян-переселенцев в Казахстан	149
<i>Уаисова М.М., Бужинская Н.В., Васева Е.С.</i> Разработка и применение WEB-сайта для организации ежегодного международного конкурса по компьютерной графике.....	153
<i>Хатизов Е.И.</i> Рекомендации по созданию коллекции в этническом стиле	158
<i>Черникова А.А.</i> Адаптация учебных мигрантов, обучающихся в российских вузах путем выявления различий в культурных кодах.....	161
<i>Шалатина О.Б., Калинина А.А.</i> Театральное мастерство как один из способов повышения воспитательного потенциала студентов педагогических колледжей	164